

## Биржаларда саудалау мәмілесін тіркеу ақысы туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 24 қазан N 7/111 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 20 желтоқсанда N 234 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2002.01.14. N 06-ОД бұйрығымен.

Республикада биржалар жайын талдау барысында әр аймақ көлемінде негізінен жалғыз биржа іс-әрекет жасайтыны анықталды. Олар, нарықтағы үстемдік жағдайларын пайдалана отырып, Үкіметтің шешімімен тек биржалар арқылы сатылатын өнімдерді саудалау мәмілесін тіркеу ақысын еш негізсіз к ө т е р і п о т ы р .

Қазақ КСР Заңының "Бәсекелестік пен монополиялық үстемдіктің шектелуін дамыту жайында" нарықты аймақтық принциппен бөлуге тиым салатын 8-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 6 қыркүйегіндегі N 999 Қаулысының P940999\_

4 тармағына сәйкес, биржалық саудаға қатысушылардың құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы комитеті қаулы етеді:

Үкімет шешімімен арнайы тіркеуге жатқызылған тауарларды биржа арқылы саудалау мәмілесін тіркеу ақысы мәміле құнының 0,1 процентінен аспауы бекітілсін.

Төраға